

ЖАРИЯ ОФЕРТА (ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ)

Жаңартылған: сәуір 2025 жыл

Алматы қаласы, Қазақстан

Бұдан әрі «Компания» деп аталатын «NLG.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН: 250140021383, ЖШС нысанында тіркелген және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі болып табылатын кез-келген заңды тұлғаға Компания платформасы арқылы орындаушыларға (ЖК) автоматтандырылған төлемдер қызметтерін көрсету үшін осы Жария оферта шартын (бұдан әрі — «Шарт») жасауды ұсынады. Осы Офертаны қабылдау оның барлық шарттарын толық және сөзсіз қабылдауды білдіреді.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Клиент — осы Шарттың талаптарын қабылдаған, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерін және орындаушыларға автоматтандырылған төлемдерді рәсімдеу үшін Компания платформасын пайдаланатын заңды тұлға (ЖШС).

1.2. Орындаушы — Қазақстан Республикасында тіркелген, Клиентпен Компания платформасы арқылы қызметтер көрсету шартын жасасатын және автоматтандырылған сервис арқылы төлемдерді алатын жеке кәсіпкер (ЖК).

1.3. Платформа — орындалған жұмыстар/ көрсетілген қызметтер актілеріне электрондық қол қоюды, электрондық шот-фактураларды (ЭШФ) қалыптастыруды және орындаушыларға автоматтандырылған төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін компанияның ақпараттық жүйесі.

1.4. Электрондық сандық қолтаңба (ЭСК) — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания жүйесінде құжаттарға қол қою үшін Клиенттер мен Орындаушылар пайдаланатын сәйкестендіру құралы.

1.5. Серіктес банк — Компания ұсынғандардың ішінен Клиент таңдаған қаржы ұйымы, ол арқылы орындаушыларға автоматтандырылған төлемдер жүзеге асырылады.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Компания Клиентке платформаға қолжетімділікті ұсынады:

- ЭСК қолдана отырып, Клиент пен Орындаушы арасында орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерін рәсімдеу және қол қою.
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ЭШФ автоматты түрде қалыптастыру.
- Клиент таңдаған серіктес банк арқылы орындаушыларға автоматтандырылған төлемдер жүргізу.

2.2. Автоматтандырылған төлемдер банктік API арқылы Клиенттің банктік шотына қосылу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Орындаушыға төлем тапсырмалары жасалады, ал ақша қаражатын аудару Орындаушы орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер туралы актіге қол қойғаннан кейін автоматты түрде жүзеге асырылады.

2.3. Компания Платформаны техникалық сүйемелдеуді және оның жұмыс істеуі мәселелері бойынша Клиентке қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Компания міндеттенеді:

- Клиентке Платформаға кіруге рұқсат беруге.
- Құжаттар мен төлемдерге электрондық қол қою жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.
- Ұсынылатын қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне кепілдік беруге.

3.2. Клиент міндеттенеді:

- Платформаны тек актілерді рәсімдеу және орындаушыларға төлемдер жүргізу үшін пайдалануға.
- Орындаушылар туралы ұсынылған деректердің дұрыстығын қамтамасыз етуге.
- Қол қойылатын актілердің заңды күшіне және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына дербес жауап беруге.

4. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

4.1. Платформаны пайдалану тарифтері әр Клиент үшін жеке болып табылады және төлемдер көлеміне байланысты.

4.2. Тарифтер Компания мен Клиент арасында келісілгеннен кейін Клиенттің жеке кабинетінде тіркеледі. Компания жеке кабинетте Клиентті хабардар ете отырып, тарифтерді өз қалауы бойынша кез-келген уақытта өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

4.3. Компания Орындаушыға төленетін төлем сомасынан пайыз алады. Бұл пайыз Компанияның тарифі және Клиенттің жеке кабинетінде көрсетілген.

4.4. Клиент Орындаушыларға төлемдерді жүзеге асырумен бір мезгілде Компанияның қызметтері үшін төлем жасайды.

4.5. Компания қызметтерін төлемеген жағдайда, Компания Клиенттің Платформаға кіруін жабуға, сондай-ақ орындаушымен орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер туралы актіні жүктеуге тыйым салуға құқылы.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTУ

5.1. Компания Клиент пен Орындаушы арасындағы шарттық қатынастардың тарапы болып табылмайды, тек құжаттарға қол қоюға және төлемдерді жүзеге асыруға техникалық мүмкіндік береді.

5.2. Компания Клиент пен Орындаушы ұсынған деректердің дұрыстығына, сондай-ақ олардың әрекеттері немесе әрекетсіздігіне жауап бермейді.

5.3. Компания төлем тапсырмаларын қалыптастыру процесін бақыламайды, олардың дұрыстығына, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асыру кезінде Клиент немесе Орындаушы

көрсеткен сомалар мен деректемелер үшін жауап бермейді. Барлық төлемдерді тек Клиент өзінің жеке кабинеті арқылы бастамашылық жасайды және қалыптастырады.

5.4. Егер кешігу банктердің, төлем жүйелерінің, үшінші тұлғалардың әрекеттерінен немесе техникалық ақаулардан туындаса, Компания төлемдердің уақтылығына кепілдік бермейді және жауап бермейді.

5.5. Компания Платформаны пайдалану нәтижесінде Клиент немесе Орындаушы келтірген кез-келген шығындар үшін жауап бермейді.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Шарт Клиент платформада акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылғанға дейін жарамды.

6.2. Шарт аясында туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда — Компанияның тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасының сотында шешіледі.

6.3. Компания жаңартуларды өзінің ресми сайтында жариялай отырып, Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Шарт талаптары өзгергеннен кейін платформаны пайдалануды жалғастыру Клиенттің жаңа шарттармен келісетінін білдіреді.

NLG.KZ ЖШС

БСН: 250140021383

Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жамақаев к-сі 99, 217-кеңсе

E-mail: info@nlg.kz